

**«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

Бекітілді
КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің»
Директорлар Кеңесінің шешімімен
№3 хаттама 22 сәуір 2021 ж.



**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ-н
бакалавриатта оқу ақысын төлеуге арналған ішкі гранттар мен
жеңілдіктердің түрлерін айқындау тәртібі туралы
ЕРЕЖЕСІ**

Қызылорда, 2021 ж.

1. Жалпы ережелер

1.1 Бакалавриат бойынша ішкі гранттар мен жеңілдік түрлерін тағайындау тәртібі туралы Осы Ереже Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіндегі бакалавриат бойынша ішкі гранттар мен оқу төлемақысының жеңілдіктерін, басқа да жеңілдік түрлерін тағайындау тәртібін айқындайды.

1.2 Ереже университеттің ішкі мүмкіндігіне қарай білім деңгейі мен қабілеті жоғары, әлеуметтік мүмкіндіктері төмен отбасынан шыққан балалардың жоғары білім алуына қолдау көрсетуді мақсат етеді.

1.3 Ішкі гранттар мен жеңілдіктерді тағайындау бойынша жұмыстар талапкерлердің немесе бакалавриат бойынша білім алушылардың өтініштері негізінде жүргізіледі.

2. Қолданылатын ұғымдар мен терминдер

2.1 Осы Ережеде төмендегі ұғымдар мен терминдер қолданылады:

университеттің ішкі гранты - Ғылыми кеңес шешімі негізінде ректордың бұйрығымен университет қаржысы есебінен оқу мүмкіндігі берілетін университеттің ішкі білім беру гранты;

оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер - Ғылыми кеңес шешімі негізінде ректордың бұйрығымен оқу төлемақысына берілетін жеңілдік түрлері;

оқу төлемақысына жеңілдіктер берілетін білім алушылар категориясы — осы Ережемен анықталған оқу төлемақысына жеңілдік берілетін білім алушылардың категориялары;

ішкі гранттар мен жеңілдіктерді қарастыру және тағайындау мерзімі - ішкі гранттар мен жеңілдіктерді қарастыру және тағайындаудың осы ережеде белгіленген мерзімі;

әлеуметтік жеңілдіктер - білім алушылардың әлеуметтік жағдайына байланысты қолдау көрсету мақсатында бөлінетін жеңілдік түрлері.

3. Университеттің ішкі гранттары мен жеңілдіктерін тағайындау тәртібі

3.1. Университеттің Ішкі гранттары мен жеңілдіктері Ғылыми кеңес шешімі негізінде ректордың бұйрығымен тағайындалады.

Талапкерлерге ішкі гранттар мен жеңілдіктерді тағайындау оқуға қабылданғаннан кейін қыркүйек айында өткізілетін Ғылыми кеңестің шешімі негізінде беріледі.

Талапкерлер үшін ішкі гранттар мен жеңілдіктерге үміткерлердің тізімі өтініштерімен қабылдау комиссиясында жинақталып, ректордың бұйрығымен арнайы құрылған комиссияға ұсынылып, комиссия шешімімен Ғылыми кеңеске бекітуге ұсынылады.

3.2. 1-4 курс студенттеріне ішкі грант немесе жеңілдіктер тағайындау және мерзімін ұзарту туралы өтініштері әр академиялық кезеңде арнайы



құрылған комиссия отырысында қаралып, Ғылыми кеңеске бекітуге ұсынылады.

Талапкерлер мен білім алушылардың өтініштеріне ішкі грант және жеңілдіктер түрлеріне қарай қосымша құжат ретінде төмендегілер тіркелуге жатады:

1. «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының түлектеріне (балалар үйінің түлегі екенін растайтын анықтама);

2. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, қамқорлыққа алынған балаларға (өтініш берушінің туу туралы куәлігінің көшірмесі, ата-анасының қайтыс болу жайлы куәлік немесе ата-ана құқығынан айыру туралы анықтама);

3. Мүгедек студенттерге (медициналық-әлеуметтік сараптама);

4. Ата-анасының екеуі де (немесе жалғыз ата-анасы) мүгедек студенттерге (медициналық-әлеуметтік сараптама);

5. Анасы алтын, күміс алқа иегеріне (анасы алтын, күміс алқа иегері куәлігінің көшірмесі, көп балалы отбасы туралы анықтама, балаларының туу туралы куәліктерінің көшірмесі);

6. Шетелдік қазақ диаспора өкілдеріне, сонымен қатар шекаралас шетел мемлекеттерінің ұлты қазақ азаматтарына (шетелдік қазақ жеке басын куәландыратын құжат (қазақша немесе орысша аудармасы));

7. «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлеріне (Алтын белгі, Үздік аттестат көшірмесі);

8. ҰБТ нәтижесінде кем дегенде 100 балл жинаған түлектерге (ҰБТ сертификатының көшірмесі);

9. Білім, ғылым, спорт, шығармашылық бағыттарында жетістіктері бар студенттер (жетістіктерін растайтын диплом, мақтау қағазы, сертификат немесе т.б. түпнұсқасы);

10. Университеттің Қызылорда облысының мектеп бітіруші оқушылары арасында өткізілетін облыстық пәндік олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпаздарына (Бірінші дәрежелі диплом).

3.3. Ішкі гранттар және жеңілдіктердің саны Ғылыми кеңес шешімімен анықталады. Бұл гранттар мен жеңілдіктер Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің білім беру бағдарламаларының тобы бойынша білім беру грантының иегерлеріне берілмейді.

3.4. Ішкі грант «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлеріне (талапкерлерге) еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтары бойынша мемлекеттік білім беру гранттарының иегері болмаған жағдайда, сонымен қатар университетте 10 білім алушыдан асатын академиялық топ ашылған жағдайда ғана бір оқу жылына беріледі. Бұл санаттағы білім алушыларға тағайындалған ішкі грант емтихан сессиясының қорытындысы бойынша «Өте жақсы» бағаға аяқтаған білім алушылар үшін келесі оқу жылына ұзартылады.

3.5. Ішкі гранттар мен жеңілдіктер бір оқу жылына (1 қыркүйек - 31 тамыз) тағайындалады және осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, келесі оқу жылына ұзартылып отырады.

3.6. Мемлекеттік білім беру гранты немесе басқа да грант түрлерінің иегерлері атанған жағдайда университет ректорының бұйрығымен ішкі грант және жеңілдіктер тоқтатылады.

3.7. Ішкі гранттар мен жеңілдіктер құнына шәкірт ақы, іс-сапар, жол ақысы, тамақтану төлем ақысы кірмейді.

3.8. Ішкі гранттар мен жеңілдіктер жасау университеттің қаржы көлемінің жағдайына байланысты қарастырылады.

3.9. Талапкерлер ректордың атына жазған өтініштерін дәлелдейтін құжаттарымен қоса оқуға құжат тапсырған кезде қабылдау комиссиясына тапсырады. Жиналған құжаттарды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы ректордың бұйрығымен арнайы құрылған комиссияға ұсынады.

3.10. 1-4 курс студенттері оқу ақысына жеңілдік алу үшін ректордың атына өтініш жазып, құжаттарымен бірге құжаттармен қамтамасыз ету бөліміне тапсырады. Одан әрі құжаттар комиссияда қаралып, Ғылыми кеңеске бекітуге ұсынылады.

4. Ішкі гранттар мен жеңілдіктердің санаттары

4.1. Университеттің ішкі гранты (ректор гранты);

4.2. Университетке оқуға қабылдау барысында:

1) Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар және «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының түлектеріне – 100% (ректор гранты);

2) Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қамқорлыққа алынған студенттерге – 50%;

3) I және II топ мүгедек студенттерге – 50%;

4) Ата-анасының екеуі де (немесе жалғыз ата-анасы) мүгедек студенттерге – 25%;

5) Университет қызметкерлеріне (еңбек өтіліне қарамастан) және олардың балаларына (университеттегі еңбек өтілімі 3 жыл болуы тиіс) – 25%, (егер бір отбасында ақылы негізде бірнеше студент оқыса, жеңілдік әрқайсысына беріледі);

6) Көпбалалы отбасынан шыққан (балалары 23 жастан аспаған жағдайда) студенттерге, (егер бір отбасында ақылы негізде бірнеше студент оқыса, жеңілдік әрқайсысына беріледі) – 25%;

7) Шетелдік қазақ диаспора өкілдеріне, сонымен қатар шекаралас шетел мемлекеттерінің ұлты қазақ азаматтарына – 25%;

8) «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлеріне 1 курста 50%, келесі курстарда (2,3,4) оқу үлгерімі «өте жақсы» болған жағдайда ұзартылады;

9) ҰБТ нәтижесінде кем дегенде 100 балл жинаған түлектерге, 1 курста 25% (1-ші оқу жылына);

10) Спорт саласындағы жетістіктер үшін Әлем, Еуропа, Азия, Қазақстан чемпиондары, Республикалық/халықаралық жарыстардың жеңімпаздары атанған талапкерлерге:

а) Әлем және Азия чемпиондары – 50 % жеңілдік (1-ші оқу жылына);

ә) Халықаралық деңгейдегі жарыс: чемпиондар (1 орын) – 25% жеңілдік, жүлдегерлер (2 және 3 орын) – 20% жеңілдік (1-ші оқу жылына);

б) Республикалық деңгейде жарыс: чемпиондар (1 орын) – 20% жеңілдік, жүлдегерлер (2 және 3 орын) – 10% жеңілдік (1-ші оқу жылына);

11) Республикалық/халықаралық олимпиада («Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастыруымен өткен пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары), шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары атанған талапкерлерге:

а) Халықаралық деңгейдегі конкурс: чемпиондар (1 орын) – 25% жеңілдік, жүлдегерлер (2 және 3 орын) – 20% жеңілдік (1-ші оқу жылында);

б) Республикалық деңгейдегі конкурс: чемпиондар (1 орын) – 20% жеңілдік, жүлдегерлер (2 және 3 орын) – 10% жеңілдік (1-ші оқу жылында);

12) Қоғамдық жұмыстарға белсенді қатынасқан білім алушыларға 2 курстан бастап оқу ақысына 25 % дейінгі жеңілдіктер.

13) Университеттің ұйымдастыруымен Қызылорда облысының мектеп бітіруші оқушылары арасында өткізілетін облыстық пәндік олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпаздарына:

а) ҰБТ-ның пәндері бойынша олимпиада жеңімпаздарына 1-орынға - 100%;

б) Облыстық Қызылорда телеарнасымен бірлесіп ұйымдастырылған «Интеллектуалды ұлт» телевизиялық конкурсының жеңімпаздарына жеңілдіктер-100%, жүлделі орындарға - 50%.

4.3 Университеттің ішкі жеңілдіктері осы тарауда көрсетілген бір категория бойынша ғана тағайындалады.

5. Осы Ереженің қолданылу аясы

5.1. Осы Ереже «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының бакалавриат білім алушылары үшін қолданылады.


5.2. Университеттің базасында Қызылорда облысының мектеп бітіруші оқушылары арасында өткізілетін облыстық пәндік олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпаздары «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының базасында Қызылорда облысының мектеп бітіруші оқушылары арасында өткізілетін облыстық пәндік олимпиадалар мен байқауларды ұйымдастыру және өткізу туралы Ережесімен анықталады.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Ереже арнайы жұмыс тобымен қазақ тілінде 5 парақта жасалған.

6.2. Осы ережеге өзгертулер мен толықтырулар қажеттілігіне қарай Директорлар кеңесінде қаралып, енгізіледі.

Құрастырушы жұмыс тобы:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор міндетін атқарушы:  А.Т.Жүнісов

Стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор:  Н.Ж.Уразбаев

Әлеуметтік және тәрбие жөніндегі проректор:  Ж.Н.Базартай

Бас есепші:  Н.Қ.Рабатова

Ғылым департаментінің директоры:  Қ.Ә.Омаров

Персоналмен жұмыс және құқықтық мәселелер басқармасының басшысы:  С.М.Ильясова

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы:  М.М.Абжаев

Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы:  Д.М.Жарылгапова

